

“Наурыз-Бану” бөбөкжайы

Жалпы ата-аналар жиналысы

21.10.2022жыл

КҮН ТӘРТІБІНДЕ

**1. Мектепке дейінгі білім беру
мазмұнын жаңартудағы балаларды
тәрбиелеу мен оқытудың тәсілдерін
өзгерту бойынша түсіндіру
жұмыстары.**

ҚАТЫСУШЫЛАР:

- **1. Бөбекжайдың барлық жас топтарының ата-аналары мен педагогтері – 56**
- **Өткізілу нысаны: Пікір талас**



Мектепке дейінгі тәрбиелеу мен оқытуды дамыту моделі.

- модель – мектепке дейінгі тәрбиелеу мен оқытуды дамыту мен жетілдіру бағытын айқындайтын тәсілдер мен қағидаттар жиынтығы;
- баланың толыққанды дамыту – қимыл белсенділігіне жағдай жасау, пайдалы және құнарлы тамақтандыру, достық қарым-қатынас орнату және дамытушы ортаны ұйымдастыру арқылы қамтамасыз етілетін баланың физикалық, психологиялық, әлеуметтік, эмоционалдық денсаулығы мен қауіпсіздігі;
- баланың қажеттіліктері – ойынға, қимыл-қозғалысқа, тандауға, өз өмірін бақылауға, пайдалы іс-әрекетке, жақын жылы қарым-қатынас жасауға, араласуға, жаңа нәрсе жасауға, зерттеуге, эксперименттерге, танымдық белсенділікке қажеттілік;
- дамытушы орта – заттар мен ойыншықтарға еркін қолжетімділікті және немен айналысатынын өз бетінше тандауын, күні бойы өз идеяларын іске асыру мүмкіндігін қамтамасыз ететін, балалардың бастамасын қолдау үшін жоспарланған әртүрлі материалдары бар орта. Мектепке дейінгі кезең – мектепке дайындық сатысы, баланың өмірлік маңызды дағдыларын дамыту кезеңі. Демек, бала өміріндегі мектепке дейінгі тәрбиелеу мен оқыту тәсілінің ұйымдастырылған оқу қызметінен баланың жеке ерекшеліктері мен қажеттіліктерін ескере отырып, әр баланың әлеуетін барынша дамытуға жағдай жасауға қарай өзгеруі тиіс. Педагогтің алдын ала жоспарлаған әрекеттерін орындап қана қоймай, баланың қызығушылығына көңіл бөліп, күнді өзі тандаған белсенділік түріне қарай құрудың маңызы зор.
- Тәрбиелеу мен дамыту ерте балалық шақтан басталады, бұл ғылыми тұжырымдармен дәлелденген. Балаларды тәрбиелеуде отбасындағы жайлы жағдай, ата-аналардың моральдік қасиеттері зор маңызға ие. Сондықтан балаларды дамыту мен тәрбиелеу үшін отбасы мен мектепке дейінгі ұйымның күш-жігерін біріктіру қажет.

Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың стандарты.

- Тәрбиелеу-білім беру процесінде мектепке дейінгі ұйымдағы ішаралардан тұратын күн тәртібіне (балаларды қабылдау, таңертеңгі жаттығу, тамақтану, серуендеу, күндізгі ұқы, шынықтыру шаралары, балалардың үйге қайтуы) сәйкес балалар іс-әрекетінің түрлері (ұйымдастырылған, ойын, танымдық, коммуникативтік, шығармашылық, эксперименталдық, еңбек, заттық, қимылдық, бейнелеу) қарастырылады.
- Тәрбиеленушілердің эмоционалдық жайлылығын, жан-жақты және толыққанды дамуын, балалардың белсенділік түрлерін және бірге әрекет етуге қатысушыларды таңдау мүмкіндігін, ойын аймақтарының қанықтылығын, қолжетімділігін, вариативтілігін және қауіпсіздігін қамтамасыз ету үшін дамытушы орта құрылады.
- Мектепке дейінгі ұйымның және мектепалды сыныбының түлегі:
 - физикалық дамыған;
 - ізденімпаз;
 - бастамашыл;
 - табанды;
 - бейімделуге қабілетті, көпшіл;
 - өзіне сенімді;
 - командада жұмыс істей біледі;
 - эмоционалды жауапты;
 - өзі, отбасы, қоғам (жақын қоғам), мемлекет (ел), әлем және табиғат туралы алғашқы түсініктерге ие.

Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың үлгілік оқу бағдарламасы

- *Ұйымдастырылған іс-әрекет – «Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың үлгілік оқу бағдарламаларын бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің міндетін атқарушының 2022 жылғы 14 қазандағы № 422 бұйрығымен бекітілген Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың үлгілік оқу бағдарламасының мазмұнын іске асыру үшін, соның ішінде мектепке дейінгі ұйымның жұмыс бағытын ескере отырып, балаларды қазақ халқының ұлттық құндылықтарына, отбасылық құндылықтарға, патриоттық сезімге, Отанға деген сүйіспеншілікке, мәдени-әлеуметтік нормаларға баулу, қауіпсіз мінез- құлық қағидаларын қалыптастыру бойынша міндеттерді іске асыру үшін күні бойы педагогтің ойын түріндегі түрлі балалар әрекеті (ойын, қимыл, танымдық, шығармашылық, зерттеу, еңбек, дербес) арқылы ұйымдастыратын іс-әрекет.*
- *Мектеп жасына дейінгі балалардың жас ерекшеліктерін ескере отырып, күн бойы балалардың физикалық белсенділігіне уақыт бөлінеді.*
- *Мемлекеттік тілді меңгеру мақсатында педагогке Үлгілік бағдарламада айқындалған сөздік минимумды балалармен бірге күні бойы үйрену, тәрбиеленушілердің түрлі іс-әрекетінде ауызекі байланыстырып сөйлеуін дамыту, сонымен қатар қазақ халқының мәдениетімен, салт-дәстүрлерімен таныстыру, белсенді сөздік қорын байыту, тілдік нормаларды, қарым-қатынас мәдениетін меңгерту меңгеру ұсынылады.*
- *Балалардың жас ерекшеліктерін ескере отырып, ән салуға, музыка тыңдауға, әндерді жаттауға, импровизацияға, музыкалық-ырғақтық қимылдарға, балалардың шулы аспаптарында ойнауына және музыкалық іс-әрекеттің басқа түрлеріне күні бойы уақыт бөлінеді.*

Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың үлгілік оқу бағдарламасы

- Бағдарламаның мақсаты әр баланың қызығушылықтарын, ерекшеліктері мен қажеттіліктерін ескере отырып, жалпы адами және ұлттық құндылықтар негізінде оларды толыққанды дамыту мен әлеуетін ашу болып табылады.
- Бағдарламаның міндеттері мектеп жасына дейінгі балаларды тәрбиелеу мен оқыту үшін жағалы және қауіпсіз білім беру жағдайларын жасау, баланың даралығы мен субъективтілігін қолдауға бағытталған дамытушы заттық- кеңістіктік ортаны, оның ішінде арнайы ортаны құру, олардың жас ерекшеліктеріне сәйкес біліктері мен дағдыларын қалыптастыру, мектепке дейінгі білім берудің сабақтастығы мен үздіксіздігі ұстанымдарын қамтамасыз ету, балалардың физикалық дамуы, коммуникативтік, танымдық, зияткерлік, шығармашылық дағдыларын, зерттеушілік қабілеттерін дамыту, әлеуметтік- эмоционалдық дағдыларын қалыптастыру, баланың зияткерлік, әлеуметтік дағдыларын және тұрғасын дамыту үшін инновациялық әдістер мен технологияларды қолдану, оқыту, дамыту және тәрбиелеу міндеттерінің бірлігін қамтамасыз ету, балаларды қазақ халқының ұлттық құндылықтарына, отбасылық құндылықтарға, отаншылдыққа, Отанға деген сүйіспеншілікке, мәдени-әлеуметтік нормаларға баулу, балаларды дамыту мен тәрбиелеу үшін отбасы мен мектепке дейінгі ұйымның күш-жігерін біріктіру, баланың мектепте оқуға физикалық, психологиялық, эмоционалдық, әлеуметтік дайындығы үшін тең бастапқы мүмкіндіктерді беру болып табылады.

Бағдарламаның мазмұны:

- *дені сау баланы тәрбиелеуді, өз денсаулығына саналы түрде қарауды, салауатты өмір салты негіздерін, қауіпсіз өмір сүру дағдыларын қалыптастыруға;*
- *балалардың жеке ерекшеліктері мен қажеттіліктерін ескере отырып,*
- *ауызекі сөйлеуді, сөздік қорды қалыптастыруды, өмірде әртүрлі жағдайлардағы қарым-қатынас дағдыларын меңгертуге, қолдың ұсақ моторикасын, командада жұмыс істеу дағдыларын дамытуға;*
- *тәрбиеленушілердің қоршаған әлеммен өзара қарым-қатынас жасауына қажетті танымдық және зерттеушілік әрекеттің қарапайым дағдыларын меңгертуге;*
- *өнер туындыларын қабылдау мен түсіну дағдыларын қалыптастыру, қоршаған әлемді эмоционалды тану, тәрбиеленушілердің өзіндік шығармашылық іс-әрекеті үшін жағдай жасауға;*
- *тәрбиеленушілерді, оның ішінде ерекше білім беру қажеттіліктері бар балаларды оң әлеуметтендіру, оларды әлеуметтік-мәдени нормаларға, қоғам және мемлекет, отбасы дәстүрлеріне баулу, рухани-адамгершілік құндылықтарды қалыптастыруға;*
- *мектепке дейінгі тәрбие мен оқыту және бастауыш білім беру арасындағы оқыту, дамыту және тәрбиелеу міндеттерін ескере отырып, сабақтастық пен үздіксіздік қағидаларын қамтамасыз етуге;*
- *бастауыш білім беру ұйымдарында мектеп жасына дейінгі тәрбиеленушілерді оқыту үшін тең бастапқы мүмкіндіктер беруге бағытталған.*

Бағдарламаның мазмұны балалардың физикалық және психикалық дамуының жас кезеңдерін ескере отырып, келесі жас топтарында іске асырылады:

- *ерте жас тобы – 1 жастағы балалар; кіші топ – 2 жастағы балалар;*
- *ортаңғы топ – 3 жастағы балалар; ересек топ – 4 жастағы балалар;*
- *мектепалды топ, мектептегі (лицейдегі, гимназиядағы) мектепалды сынып – 5 жастағы балалар.*
- *Бағдарламаның мазмұнын меңгеру мерзімі – 5 жыл, бір жас тобында – 1 жыл.*
- *Педагог балаға:ненің «дұрыс» және ненің «бұрыс» екенін түсінуді; сыпайы және мейірімді болуды;*
- *дос болуды, құрметтеуді, көмектесуді, бөлісуді;*
- *қызығушылық танытуды, қоршаған әлемді бақылауды және зерттеуді; тыңдауды, түсінуді және саналы сөйлеуді;*
- *қауіпсіз мінез-құлық ережелері мен салауатты әдеттерді сақтауды;*
- *физикалық белсенділікке, соның ішінде белсенді қимыл ойындарын ойнауды;*
- *өзі ойнауды;*
- *ересектерге көмектесуге, еңбекқорлыққа;*
- *ата-анасына, достарына, туған өлкесіне деген сүйіспеншілік*
- *пен қамқорлық көрсете білуді, отбасын бағалауды;*
- *өзіне қамқорлық жасауға және ниетін білдіруге үйретеді.*
- *Бағдарлама меншік нысанына қарамастан мектепке дейінгі ұйымдарда және мектептердегі (лицейлердегі, гимназиялардағы) мектепалды сыныптарда іске асырылады.*

Пікір алмасу және кері байланыс.

баланың көңіл-күйі
баланың шаршамауы
баланың балабақшаға бару ниетінің болуы
педагог пен балалар арасындағы өзара әрекет
балаларды тәрбиелеу мен дамыту бойынша ата-аналардың
қалаулары мен ұсыныстары



Ата-аналар жиналысы



Ата-аналар жиналысы





**Көңіл қойып
тыңдағандарыңызға
*РАХМЕТ!***